

# БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ

**Жақсылық ҮШКЕМПІРОВ, ҚР Еңбек ері, облыстық мәслихаттың депутаты:**

– Күллі әлемді дүрбеленге салған індет. Алаш даласын да сергелденге түсірді. Елде төтенше жағдай орнап, сақтық шарасы қолға алынды. Қазақ даласынан небір нәубет өтті ғой. Тарих бетін парактайтын болсақ, халықтың басынан өткерген ауырталық жылдар көп. Сонау отарлау саясаты, аштық, репрессия, соғыс жылдары. Міне, осының бәрін біз ауызбірлік пен сабырлық, келген қиындыққа парасаттылықпен шыдамдылықтың арқасында қарсы тұрып жеңіп шықтық. Сол қиын күндер артта қалды. Барлық салада алда болып, ел Тәуелсіздігін алды. Ел азаматтары екі қолға бір күрек таппай қиналған кезде атқа қонған азаматтар елді тығырықтан алып шықты. Оған халық ере білді. «Бір қолдан жең, бір жағадан бас шығарып», бірлесе білдік. Олай болса, бүгінде біз сол бірлігімізден тайқымауымыз керек. Ешкімге де оңайға соғып жатқан жоқ. Елге індет келді деп байбаламға салынып, сабырсыздық танытпайық! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің әрбір үндеуі қазақ халқын қиындықтан алып шығудың нақты қадамдары. Аталған заңдылықтарды орындап, індеттің одан ары өршіп кетпеуіне біз әрекет етуіміз керек. Ол үшін төтенше жағдайдың тәртібі бойынша неғұрлым үйден шықпаған абзал. Санитарлық тазалыққа аса мән беріп, дөрігерлердің айтып жатқан кеңесіне құлақ асу. Бұл уақытта ауырталшылық екеніне мен сенемін. Қазір, байқасаңыз, ақпараттың барлық түрінен «Біз біргеміз» деген үндеу айтылып та, көрсетіліп те жағар. Сол айтқандай, біз біргеміз. Бірліктің арқасында біз бұл қиындықты жеңіп шығамыз. Ал, ең басты айтарым, Қазақстан халқына, сонымен қатар, Алматы облысының тұрғындарына сабыр танытып, ауызбірлікті нығайтпайық. Мемлекеттің белгілеген тәртібін қатаң орындап, ұлт денсаулығын ойлайық. Біз тәртіпке бағыну арқылы бұл індетті жоямыз!



пен шыдамдылықтың арқасында қарсы тұрып жеңіп шықтық. Сол қиын күндер артта қалды. Барлық салада алда болып, ел Тәуелсіздігін алды. Ел азаматтары екі қолға бір күрек таппай қиналған кезде атқа қонған азаматтар елді тығырықтан алып шықты. Оған халық ере білді. «Бір қолдан жең, бір жағадан бас шығарып», бірлесе білдік. Олай болса, бүгінде біз сол бірлігімізден тайқымауымыз керек. Ешкімге де оңайға соғып жатқан жоқ. Елге індет келді деп байбаламға салынып, сабырсыздық танытпайық! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің әрбір үндеуі қазақ халқын қиындықтан алып шығудың нақты қадамдары. Аталған заңдылықтарды орындап, індеттің одан ары өршіп кетпеуіне біз әрекет етуіміз керек. Ол үшін төтенше жағдайдың тәртібі бойынша неғұрлым үйден шықпаған абзал. Санитарлық тазалыққа аса мән беріп, дөрігерлердің айтып жатқан кеңесіне құлақ асу. Бұл уақытта ауырталшылық екеніне мен сенемін. Қазір, байқасаңыз, ақпараттың барлық түрінен «Біз біргеміз» деген үндеу айтылып та, көрсетіліп те жағар. Сол айтқандай, біз біргеміз. Бірліктің арқасында біз бұл қиындықты жеңіп шығамыз. Ал, ең басты айтарым, Қазақстан халқына, сонымен қатар, Алматы облысының тұрғындарына сабыр танытып, ауызбірлікті нығайтпайық. Мемлекеттің белгілеген тәртібін қатаң орындап, ұлт денсаулығын ойлайық. Біз тәртіпке бағыну арқылы бұл індетті жоямыз!

# ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ – ПАРЫЗ

**Серік МҰҚАНОВ, облыстық мәслихат депутаты, «Jetisy» ФК директоры:**

– Әлем, оның ішінде біздің еліміз адамзатқа қауіп туғызып отырған, коронавируспен індетімен күресуде. Көптеген елге қарағанда, Қазақстан қауіптен күресу шараларын дер кезінде қолға алып, қамданды. Сол елдердегі қайғылы жағдай көптеп орын алмас үшін барлығымыз бірігіп, індетке қарсы тұруға тиіспіз. Тәртіп пен бауырмалдық – ұлттың болашағы мен денсаулығының кепілі. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына күш салған, Ұлт Қошбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың үндеуін ерекше сезіммен қабылдадым. Елбасы қазіргі таңда қиындықтан шығудың жолын қарастыруда. Тұңғыш Президент – індет салдарынан зардап шеккендер мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілгендер және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету үшін барша қазақстандықтың жұмылуы керек екенін айтты. Елбасының бастамасымен коронавируспен күрес жүргізу және төтенше жағдай кезінде азаматтарды қолдау мақсатында «Bіrgemіz» республикалық қоғамдық қоры құрылып, еліміздің кәсіпкерлері мен ірі бизнес өкілдері қаржылай көмек жинай бастады. Мемлекет бұл жағдайға ерекше назар аударуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен азаматтар мен шағын бизнес өкілдері бірқатар шаралар дайындалды. Мен басқаратын «Jetisy» футбол клубы да қайырымдылық жасаудан тыс қалмады. Елбасының Қазақстан халқына үндеуін оқыған соң ұжымның жалпы жиналысын ашып, қаражат жинап, қаламыздағы бірнеше әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету туралы шешім қабылдадық. Індеттің беті әлі қайтпағанымен, биліктің әрекеті және бүкіл қазақстандықтардың бірлігі, күш-жігері қиындықтан шығуға негіз. Ең бастысы, халқымыздың өз отандастарына, зардап шеккендерге деген көмегі осы қиын жағдайдан шығуға мүмкіндік беретініне сенімдімін.



Тұңғыш Президент – індет салдарынан зардап шеккендер мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілгендер және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету үшін барша қазақстандықтың жұмылуы керек екенін айтты. Елбасының бастамасымен коронавируспен күрес жүргізу және төтенше жағдай кезінде азаматтарды қолдау мақсатында «Bіrgemіz» республикалық қоғамдық қоры құрылып, еліміздің кәсіпкерлері мен ірі бизнес өкілдері қаржылай көмек жинай бастады. Мемлекет бұл жағдайға ерекше назар аударуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен азаматтар мен шағын бизнес өкілдері бірқатар шаралар дайындалды. Мен басқаратын «Jetisy» футбол клубы да қайырымдылық жасаудан тыс қалмады. Елбасының Қазақстан халқына үндеуін оқыған соң ұжымның жалпы жиналысын ашып, қаражат жинап, қаламыздағы бірнеше әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету туралы шешім қабылдадық. Індеттің беті әлі қайтпағанымен, биліктің әрекеті және бүкіл қазақстандықтардың бірлігі, күш-жігері қиындықтан шығуға негіз. Ең бастысы, халқымыздың өз отандастарына, зардап шеккендерге деген көмегі осы қиын жағдайдан шығуға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

# ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМНІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

«Jetisy media» ақпараттық алаңында «42500 теңге жәрдемақыны алудың жаңа тәсілі және азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтарды кім алады?» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті. Жиынға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бақыт ЖАҚСЫБАЕВА, Талдықорған қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін түркеу бөлімінің басшысы Гүлжан ОСПАНОВА, «Азаматтарға арналған үкімет» ҚР ҰҚ ҰА филиалы, Талдықорған қаласының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Гүлсара ҚАДЫРОВА қатысты.

бойынша ақшалай қаржы аударылады, – деді. Мамандардың айтуынша, жалдамалы қызметкерлер карантин енгізілген қалаларда жалақысының сақталуынсыз еңбек демалысына жіберілді. Ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері, жеке тұлғалар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жеке кәсіпкерлер, жеке адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары, медиаторлар әлеуметтік төлемді ала алады. Бірақ көпшілік өтінімді дұрыс беру жолдарын түсінбей жатқан сияқты. Ол үшін мәліметтер (ЖСН, карта есебі және аты-жөні) дұрыс енгізілуі керек. Себебі, ақша сіздің тегіңізбен, карта иесімен салыстырылады. Екінші талап бойынша, соңғы 12 айда Әлеуметтік сақтандыру қорына ең болмаса бір әлеуметтік төлем немесе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бір зейнетақы аударымы жасалуы тиіс. Себебі, ақша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы төленеді. Алайда көп адамның мұндай әлеуметтік аударымдары жоқ болуы мүмкін. Себебі, ол адамдар бейресми жұмыс істеген, олардың еңбек келісімшарттары жоқ, салық та, ешқандай аударымдар да төлемеген. Бірақ олардың да 42 мың 500 теңге алударына болады. Олар ең әуелі өзінің статусын ресмилендіріуі керек. Ол үшін сіз бірыңғай төлемді төлесеніз жеткілікті. Бұл төлем қалалықтар үшін 2651 теңге, ауыл тұрғындары үшін 1325 теңгені құрайды. Бір рет төлем жасаған соң сіз келесі күні-ақ ай сайын 42 мың 500 теңге алу мүмкіндігіне ие боласыз. Бұл бейресми жұмыс істегендердің барлығына қатысты. Бұл төлем тек төтенше жағдайға байланысты ғана төленеді деді мамандар. Қазіргі таңда 100 пайыз интернетпен қамтамасыз етілген аудан, ауыл саусақпен санарлық. Сол себепті ауыл тұрғындары бұл төлемді әлі де рәсімдей алмай жатқаны шындық. Тіпті, қала тұрғындарының да қол жеткізгендері шамалы. Осы мәселе бойынша Гүлжан Амангелдіқызы бірыңғай төлемді ауыл, қала тұрғындары үйден шықпай-ақ Халық банк, ForteBank, Сбербанк, Jysan bank, Bank Center Credit, Каспий банктің мобилді қосымшаларында және «Қазпошта» бөлімшелерінде БЖТ төлеуге болатын мобиль қосымшалары бойынша жасай алатындығын айтты. Дәл қазіргі уақытта әлеуметтік төлемді алу үшін мемлекеттік мекемелерге барудың қажеті жоқ. Үйіңізге отырып барлық жұмысты атқаруыңызға болады. Құжат тапсырмай-ақ өтінім берсеңіз жеткілікті. Өтінімді төлемді алу үшін барлық ақпарат (мәліметтер, толық аты-жөні, ЖСН, карта есебі) көрсетіледі. Жұмыс беруші тек өз жұмыскерлерінің тізімін ұсынады. Өтінім электронды түрде тапсырылады. Оқырмандарымыз өтінімді беру, ЭЦҚ қосу қиын екенін және Egov порталы жүктелмейтінін жиі айтып, көмек сұрауда. Сондықтан бұл мәселені шешуге арналған бірнеше техникалық шешімді назарларыңызға ұсынамыз. БІРЫҢҒА – «ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫ Сервис арқылы әр адам өзінің мәліметтерін толтыруы қажет. Енді бұл өтінімге қандай да бір файлдарды қосу қажет емес. Маныздысы – осы өтінімнің болуы. Оған ЭЦҚ арқылы қол қою қажет. Егер ЭЦҚ болмаса SMS арқылы құпиясөз алумен қол қоюға болады. SMS арқылы құпиясөз қалай алынады? SMS-ке жауап ретінде әлеуметтік төлем салынатын карта есебін жіберу туралы хабар келеді. ЕКІНШІ – АРНАЙЫ САЙТ Бүгінде Egov сайтына адам көп кіретіндіктен жүктемесі тым көп болып кеткен. Сондықтан Еңбек министрлігі BTS компаниясымен бірлесіп 42 мың 500 теңге келеміндегі әлеуметтік төлем үшін арнайы сайт әзірледі. Одан бөлек, әлеуметтік төлем аластық ба, жоқ па Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әзірлеген сілтеме арқылы ЖСН енгізіп тексерсе аласыз. Сонымен қатар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін төлемдерге өтініш беру үшін <https://42500.enbek.kz> сілтеме бойынша пайдалануға болады. TELEGRAM-БОТ Telegram бот арқылы төтенше жағдай кезінде табысынан айырылуына байланысты МӘСҚ-тан әлеуметтік төлем алуға өтініш жасау үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: Өтініш беруші Telegram-ға кіріп, «EgovKzBot2.0» іздеп тауып, «Төтенше жағдай кезінде 42 500 төлеу» қызметін таңдап, өтінішті қалыптастыру үшін қажетті деректерді толтырып, жібереді. Өтініш «Еңбек нарығы» ақпараттық жүйесіне келіп түседі, 1 күн ішінде деректер тексеруден өтеді (бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілердің өтініштері тексеруден өтпейді). Жіберілген ақпарат «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа өтінішті өңдеу үшін «E-Maket» ақпарат жүйесіне 1 күн ішінде түседі. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жәрдемақы тағайындау және төлеу үшін МӘСҚ-ға өтініш жібереді. Telegram-ға әлеуметтік төлемнің тағайындалуы туралы жауап келеді. Міне, осындай жеңілдетілген тәсіл арқылы өтінішті толтырып, әлеуметтік төлем алуыңызға болады.

42500 теңге жәрдемақыны алудың жаңа тәсілі туралы Бақыт Тоқтарқызы түсіндірді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 26 наурыздағы тапсырмасында 4 санат бойынша төлем алу көрсетілген. Кейін Мемлекет басшысы біраз өзгеріс енгізіп, 7 санатқа ұлғайтты. Алғашқы ереже бойынша бірнеше құжатты түркеу қажет болса, қазір ол тізімнен көп құжат алынып тасталды. Азаматтар тарапынан өтініш жасау жолдары мен тәсілдері барынша қарапайым жасалды. Қосымша жаңа техникалық-цифрлық шешімдер қарастырылуда. Облыс бойынша 14 мыңға жуық адамға 42 мың 500 теңге алуына арнайы хабарлама келіп, мемлекет қамқорлығын сезініп жатыр. Қазір өтініш пен тізімді «Енбек», «Енбек.кз», «Telegram бот» арқылы ала алады. Бұл көмекті бала күтімінде отырған аналар ала алмайды. Себебі, олар бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалған қаражатты алып отыр. Баласы 1 жасан асқан жағдайда, бірыңғай жинақ төлемді төлеп, әлеуметтік төлемді алуларына болады. Атаулы әлеуметтік көмекті аз қамтылған, көпбалалы, мүгедектер, жасынан мүгедек балаларға қарайтын жұмыссыз жүрген азаматтар алады. Олар міндетті түрде жұмыспен қамту орталығының тізімінде болуы керек. Азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтар үшін екі айлық есептік көрсеткіштен бөлінген санаты

құлшылық, ғибадат, жамағатпен намаз оқылмаса да, қиналған халыққа қол созу тоқтатылмады, – деген Талдықорған өңірінің өкілі имамы Ардақ Оразбаев қайырымдылық шарасы аймақтың барлық аудан, қалаларында іске асып жатқанын айтты. – Алла тағаланың сүйікті елшісі пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.): «Мұсылман адам өзі үшін жақсы көрген нәрсені, өзге үшін де жақсы көрмейінше ол т өлік мұсылман болмайды», – деді. Кімде-кім қиналған адамға қол ұшын беріп, қиындығын сөйлесте, Алла тағала оның басындағы қиындығын сөйлесті. Сол себепті Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бас мүфтісі Наурызбай қажы Тағанұлының тікелей бастамасымен «Жүрек жылуы» атты республикалық акциясы жүріп жатыр. Қайырымдылыққа қол созып жатқан халықтың өзі. Қайырымдылық акциясы осымен тоқтап қалмай, әрмен қарай да жалғаса бермек. Ардақ Нұсіпханұлы елімізде ғана емес әлемде орын алып жатқан жағдай кезінде халықты бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір атаның баласындай атсалысуға шақырды.

Ендік ҚАБДЕШ

Сайт: www.7-su.kz  
e-mail: Jetisy2002@mail.ru  
@Jetisygazeti

# АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАРАТЫЛДЫ

**Өткен сәрсенбіде жазиралы Жаркент өңірінде «Біз біргеміз» республикалық акциясы аясында «Универсал» ЖШС жұмысшылары мен ауданның аз қамтылған, көпбалалы, көмекке мұқтаж азаматтарына қайырымдылық акциясы өткізілді.**



Шара алдымен «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының кеңсесінде бастау алып, бұл басқосуды партияның аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Талғат Әмірәлиев кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол дүние жүзінде орын алған індеттің салдарын тілге тиек етіп, осындай қиын кезеңде қоғамның аз қамтылған әлжуаз топтарына материалдық және азық-түлікпен қолдау жасау шараларын сараптап өтті. Жиында «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанболат Жөргенбаев өткізіліп отырған акцияның мақсаты мен маңызын саралап сөз сөйледі. Соған соң осында шақырылған бір топ көпбалалы аналар, мүгедек жандар мен аз қамтылған отбасыларға арнайы қораптарға

біркелкі бөлініп салынған қант, өсімдік майы, кеспе, тағы басқа да күнделікті тұрмыста қолданылатын азық-түлік топтамасы тапсырылды. «Универсал» ЖШС-інде осындай шағын өткізіліп, Закир Кузиев, Серік Ақсубаев, Мұрат Аубакиров, Таскын Жапарқұл, тағы басқа да кәсіпкер азаматтар жинаған 12 миллион теңгеге сатып алынған азық-түлік топтамалары өңірдегі аз қамтылған 1600 отбасына таратылды. Бұған дейін «Ернар» ЖШҚ төрағасы Таскын Жапарқұл Талдықорған мен Жаркент қаласының базарларына 150 тонна картоп-тың килесін 70 теңгеден таратқан болатын. Жалпы, Алматы облысы бойынша «Біз біргеміз» республикалық акциясы бойынша 19 наурыз – 8 сәуір аралығында «Nur Otan» партиясы және оның жастар қанаты аймақтық және аумақтық филиалдары арқылы кәсіпкерлердің қолдауымен аз қамтылған отбасыларға 32 миллион теңгенің көмегі көрсетіліпті. Сонымен қатар, партия белсенділерінің бастамасымен 64582 бетперде тігіліп, халыққа таратылды. **Мырзағали НҮРСЕЙІТ Панфилов ауданы**

# ЖАСТАР ЖӘРДЕМДЕСУДЕ

Қазір жұрттың бәрі тәртіп сақтап, үйден шықпай отыр. Адамдар әлеуметтік желі арқылы жүректерді жылытатын сөздер жолдап, осылайша бір-бірін қолдап жатқан жайы бар. Әншілер ән шырқап, ақындар жыр арнауда. Тіпті, тұтастай карантинге жабылған қалалардағы көпқабатты үйлердің терезесінен Әнұранымыз әуелеп жатқанын естігенде ет жүрегің елжірейді. Ұлы Даланың ұрпақтары осылай болуға тиісті. **Бекшіқазақ ауданындағы жастардың жарқын істері жаныңды жадыратады. Ерікті жастар көпбалалы, жалғызбасты және тұрмысы төмен отбасыларды қажетті азық-түлікпен медициналық белтерделермен қамтамасыз ету мақсатында қайырымдылық істерді атқаруда. Ол туралы аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Айбек Ілебаев айтты берді:**

– Күні бүгінге дейін ауданымыздағы 71 отбасыға 1 миллион теңгеден астам қайырымдылық көмек көрсетілді. «Біз біргеміз» акциясына аудан жастары белсене қатысуда. Олар осынау қиын-қыстау кезеңде ерқашан халықпен бірге екенін тағы да бір дәлелдеді. Мәселен, Қанат Тенгебайұлы бастаған «Иманды жастар» және Данияр Нүсіпханұлы жетекшілік ететін «Жақсылықта жарысайық» еріктілер тобының игі істеріне тентіміз. Еріктілер аудандық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп қаншама шаңыраққа көмектесіп жатыр. Соның бір мысалы ретінде Ерлан Ұзақберген атты бұлдіршінің өміне деп 500 мың теңге жинап берді. Ізгілікті іс ары қарай да жалғаса береді. Еріктілер тобы енді тағы 50 отбасыға көмек қолын созуды жоспарлап отыр. Жүрегіне имандылық қасиеттерді сіңірген жас ұрпаққа қарап шүкіршілік етесің. Жақсы сөз, жақсы тілек, жақсы іс жамандық атаулыны алыстады. Оған шүбеміз жоқ.

**Еңбекшіқазақ ауданы**

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

**ХАЛЫҚҚА КӨМЕК ТОҚТАТЫЛМАЙДЫ**

Жетісу жерінде жалғасқан «Жүрек жылуы» атты республикалық акция аясында мұқтаж, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға азық-түлік таратылуда. Талдықорған орталық «Иман» мешітінен 150-ге жуық қорап үйді-үйге жеткізілді.

Қорап мешітке келіп түскен өтініш бойынша және қала әкімдігінде тізімделген отбасыларға таратылады. Қайырымдылыққа қала тұрғындары ғана емес аудан, ауыл адамдары да өлшеусіз үлес қосуда. – Ең әуелі Алла тағаладан еліміздің амандығын сұраймыз. Басымызға түскен қиындық тез арада елімізден кетсін деп тілейміз. Осындай қиын-қыстау кезде қанша уақыттан бері мешітке келушілер тоқтаса да, Мәулен ӘНЕРБАЙ

# ЖОҒАРЫ БІЛІМ

**СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ**

«Адам баласы өмірде екі нәрседен қателеспеу керек. Бірі – жар таңдау болса, екіншісі мамандық таңдау» деп бекер айтпаса керек. Себебі, таңдаған мамандық арқылы кез келген адам несібесін, қоғамдағы орнын табады. Ал сүйікті ісі болса, көптеген жетістіктерге жетуге негіз бар.

Көптеген талапкердің жол таңдауы барысында кейбір мамандықтардың маңыздылығын, атқаратын қызметін түсінуді қиындауы соғып жатады. Соның бірі – маркетинг мамандығы. Ғалымдардың айтуынша, қазіргі нарықта ең сұранысқа ие мамандықтың бірі – маркетинг. Себебі, қазіргі уақытта тауар көп, сұраныс та уақыт өткен сайын өзгеріс үстінде. Сондықтан, компания басшысы маркетинг жұмысына мұқтаж болады. Тұтынушының әртүрлі сұраныстарына қарай жүріс жасау – кез келгеннің қолынан келе бермейді. Тауарға деген қажеттілікті, сұранысты анықтау, оның бағасын орнату, тауар сапасын бақылау, орамын, жылжыту шараларын жасау (арнама, демеушілік, жеңілдік, акция, және басқа), сату орнын белгілеу, жай тауарды не қызмет көрсетуді брендке айналдыру сынды іс-шараларды реттілікпен, біліктілікпен жасау – кәсіби маркетингтің негізгі міндеттері.

Маркетолог аталған іс-шараны үйлесімділікпен орындап, нарықта болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге дайын болуы керек. Себебі, кемеде капитанның рөлі қаншалықты маңызды болса, компанияда да маркетингтің рөлі соншалықты маңызды. Өйткені, кез келген кәсіп үшін ең маңызды міндет – тауарды немесе көрсетілген қызметті тұтынушының сатып алуы, сол арқылы тауарға немесе көрсетілген қызметке сұранысты ұлғайту. Алайда білікті маркетинг болу үшін қазіргі талапкерлерге сапалы білім алу аса маңызды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі уақытта сапалы білімді қамтамасыз ететін үздік университеттердің бірі. Экономика және бизнес жоғары мектебі бүгінде «Экономика», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Логистика», «Маркетинг», «Менеджмент» және «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша мамандар даярлауда университеттер арасында үздік факультет саналады. Университет қарбығасында профессорлардың, оқытушылардың берген дәрістерінің, қызықты іс-шаралардың арқасында жыл сайын біліктілігі жоғары маман иелері түлеп ұшады. Жас түлек, егер сұранысқа не маман болғын келсе ҚазҰУ-ға кел, маркетинг мамандығын таңда! **Айгерім ҚАЖМУРАТОВА, ҚазҰУ Бизнес-технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Азиза ХАЙРУЛЛАЕВА, ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебі факультеті маркетинг мамандығының 4-курс студенті**